Еженедельная газета Нуринского района

# НҰРА

№ 2 (46118)
СУББОТА,
12 января
2002 года

Газета издается с 1 мая 1963 года | ГАЗЕТА ВЫХОДИТ НА КАЗАХСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ | ЦЕНА ДОГОВОРНАЯ

## ПРИКАЗ
### НУРИНСКОГО РАЙОННОГО ВОЕННОГО КОМИССАРА

№ 82 19 декабря 2001г. п.Киевка

### «О приписке граждан к призывному участку»

§ 1

На основании Закона Республики Казахстан «О всеобщей воинской обязанности и военной службе» с 8 января по 14 марта 2002 г. объявляется приписка к приписному участку Нуринского района Карагандинской области граждан 1985 года рождения.

§ 2

Явке на приписку подлежат все граждане, родившиеся с 1 января по 31 декабря 1985 года включительно, постоянно или временно проживающие на территории Нуринского района, а также граждане старших возрастов, не прошедшие по различным причинам приписку ранее.

§ 3

Все граждане, подлежащие приписке к призывному участку, обязаны прибыть на приписку по адресу: п.Киевка, райвоенкомат, в течение назначенного для них дня и часа, имея при себе документы, указанные в персональных повестках. Граждане, не получившие повестки, обязаны прибыть по указанному адресу в течение дня 16 января 2002 года и иметь при себе документы, удостоверяющие личность.

§ 4

На основании Закона РК «О всеобщей воинской обязанности и военной службе» руководители предприятий, учреждений, организаций, ПХТ, учебных заведений обязаны освободить граждан, подлежащих приписке к призывному участку, на время, необходимое для прохождения приписки, обеспечить их своевременную явку в райвоенкомат.

**М. АХТАЕВ,**
**Нуринский районный военный комиссар, капитан.**

*НОВОСТЬ*

## 2002 год объявлен Годом здоровья

**Президент Нурсултан Назарбаев подписал Указ "Об объявлении 2002 года Годом здоровья".**

Согласно этому документу Правительство страны должно в срок до 20 января образовать Государственную комиссию по проведению Года, включив в ее состав представителей соответствующих государственных органов, заинтересованных общественных объединений, видных ученых, депутатов Парламента, представителей крупного бизнеса. Аналогичные комиссии поручено создать и акимам областей, а также городов Астаны и Алматы.

Финансирование мероприятий по Году здоровья, а план их проведения должна в срок до 25 января утвердить Госкомиссия, будет производиться в установленном законодательством порядке. Указом предусмотрены широкая пропаганда и освещение этих мероприятий средствами массовой информации.

## ВЫ ВЕРИТЕ В СКАЗКУ?

Все мы родом из детства, а значит, верим в новогоднее чудо, которое обязательно должно свершиться под елкой, когда вокруг шумно и весело от праздника, а глаза детворы светятся таким огнем, что просто нельзя не почувствовать сказки, как это и случилось в одной из школ райцентра на праздновании акимовской елки.

Уже второй год подряд КСШ № 2 превращается в новогодние праздники в волшебную сверкающую страну, где присутствие сказки также реально, как и то, что сам аким района Д.М. Кусаинов водит хороводы с детьми из разных школ, возрастов и национальностей вокруг самой красивой елки райцентра. Оказаться в сказке помогли детворе работники образования, сочинившие интересный сценарий с задорными петрушками, лесными зверями, бабой Ягой и Дедом Морозом, играли которых как сами учащиеся, так и педагоги школ райцентра: С. Актаев, Ш.Альханова, И.Акмалов, А.Ахметова, Ж.Сасымов, Д.Рахимтаев, К. Барпаров — школьники и Е.Ж.Торебаев, А.Сандыбаев, А.Т. Оспанова, М.М.Журсенова, Б.Жумадилова — учителя.

Не могла не присутствовать на празднике и «лошадь», олицетворяющая весь будущий год, пожелавшая присутствующим ребятам особенного тепла, внимания и доброты со стороны не только школы и того маленького мирка, где они живут, но и в целом государства, призванного постоянно заботиться о наиболее нуждающихся. Из 35-ти ребят 17-ти школ района на елке присутствовали: 10 детей, вообще не имеющих родителей, 4 школьника, у кого есть только мама или только папа, 19 ребят из многодетных малообеспеченных семей и 2 оралмана. Несмотря на то, что семейное положение этих детей не совсем завидное, каждый из них был в карнавальном костюме, что придавало особую прелесть празднику, на который кроме акима пришли поздравить детвору его заместитель и куратор образования и социальной сферы А.К.Есмагамбетова, другие представители аппарата акима и отдела соцзащиты, директора и преподаватели школ.

Были на елке и «особые» гости, которые поздравили казахстанских детей с 10-летием Независимости, пожелали им дальнейшего процветания и мира. Представителей Президента РК умело сыграли Усенбеков Рауан, Каржасова Айдана и Бейсембекова Назгуль, поблагодарившие всех детей республики за их стремление учиться, за помощь в строительстве будущего молодого Казахстана, на что Президент России В.В. Путин (Андреев Артем и его телохранители — Усенбеков Бейбут и Мухамеджанов Дахар) в ответном слове пообещал еще большего укрепления содружества между республиками и дальнейшего взаимопонимания. Следующих гостей представляли: Рахимжанов Бекзат — Джеймс Ньютон из Америки, Кутбаева Бахытгуль — Ратха Чакраборти из Индии, Каппасов Олжас — принц Альшахид Ибн Саид из Саудовской Аравии, приветствующие нуринских детей на английском и арабском языках, речь которых переводил Жантасов Темирлан. Свои дары привезли с собой вождь племени «Тумба-Юмумбо», в которого умело превратилась Ахметова Салтанат и два ее соплеменника — Акибаев Берик и Абекеев Жандос, выразившие свое почтение языком жестов и музыкой танца, что вызвало бурю аплодисментов и огромный восторг школьников. Все вышеперечисленные ребята учатся в музыкальной школе и, как оказалось, все они не только играют на разных инструментах, но и великолепно владеют иностранными языками и умеют очень красиво преподнести себя зрителю.

Множество песен и танцев звучало между шутками и прибаутками сказочных героев. Ребята наперебой рассказывали стихи, исполняли сольные номера, танцевали в хороводе и современные быстрые танцы. Никто не чувствовал себя скованным, потому что каждый из них был подготовлен к празднику и шел сюда не только за подарком, но и чтобы показать себя.

Не менее весело и с массой всевозможных развлечений прошла акимовская елка в Тенгизском регионе, куда аким района Д.М. Кусаинов 3 января выезжал вместе с заведующим райоо С.Н. Сагимбековым.

Однако самые неизгладимые впечатления привезли с собой восемь детей из поездки на акимовскую елку в г. Караганду, откуда прибыли с большими пакетами сладостей, в новых куртках-пуховиках, новых спортивных костюмах и шапочках, с рюкзаками, где можно было найти все необходимые школьные принадлежности, а также мягкую игрушку, будильник, чтоб не просыпать в школу и даже маленький магнитофон — плеер.

Вот и не верь после этого в сказку, которая в каждой нашей душе обязательно сбывается под Новый год.

**Н. ШЕВЧЕНКО.**

## Ертеңін бүгін ойлап...

Иә, таң сыза тұрып, түн жамылып оралаған шақ бүгінде небір елес сияқты. Бар қиындық артта қалып, арқаны кең салғалы қашан. Қайнарлықтар жыл мерейін, Алланың ырзық-бұйрығын астықты өңірде өзі теңдес ірі шаруашылықтар ішінде алғашқы боп сүйсінді, маңдай тердің баяндылық қайырымына бөленді. Бұлар мерекелі жылғы бітік егінді бұрын-соңды болмаған ілкімділікпен, ұйымшылдықпен және жоғары сапалы шапшаңдықпен облыс көлемінде бірінші боп аяқтады. Гектар берекесі соншалықты қомақты болды, өнім қамбарларды былай қойғанда, тіптен ашық аспан астындығы асфальттанған алаңдарға сыймай кетті. Жалпы 20 мың гектардан астам егінжайдан 2 миллион пұтқа жуық астық жиналды. Міне, осы сәт қайнарлықтардың арқаны кең салып марқаюы, көңілдің күй табағын ойнатып, шат-шадыман қуанышқа бөленуі.

- Өз басым өткен тарихи жылға ризамын, - деді бізбен әңгімесінде шаруашылық директоры Сейтжаппар Алшынбекұлы Нығыметов. - Себебі болжаған болжамымыз бүтіндей нақтылы іске айналып, арналы мақсатымызға жеткізді. Қызығы, ұлы тойға дейінгі айтулы күндер аз болмады. Соның ішінде Білім күні, төл мерекеміз - Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күні, тағы тағылары өз алдына, жекелеген механизаторлар мен орта буын жетекшілерінің мерейтойлары тұспа-тұс келіп, той-тойға ұласып жатты. Бірақ, олар орақ алаңындағы баршаға ортақ мүдделі сценарийден тыс шыға алмады. Керісінше табыстың тай қазанын тасытып, ерекше көзге түскендер мерейтой иелері болғаны мәлім. Осындай ауыр жүкті жұмыла көтерген пайымды бірлік арқасында ел Тәуелсіздігінің 10 жылдық мерекесіне лайықты еңбек шашуын тартып, жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдықтың үшінші жылына нық қадам жасап отырмыз.

Сейтекең айтпақшы, Тассуат өңірінде мерекелі орақтың нақ қызған кезінде қызық-қуаныш аз болмап еді. Мұны науқан уақытында шаруашылықты бір емес, бірнеше рет аралап, орақшылар ортасында жиі болған өзім де көріп, куәгер болғаным бар. Соның бірі білікті ұйымдастырушы, 3 бригада жетекшісі Әшкен Иісмағамбетовтың мерейтойы десем артық болмас. Өйткені оның өзіндік ерекшелігі де жоқ емес...

Ол бір мерекелі орақтың кемелденген мәресіне жақындаған шағы еді. Сол күні сары күздің енді-енді қарайып, ызғар білдіре бастаған тұсында, салқын жел әредік үдете соғып, дала төсі ерсілі-қарсылы ағылған ауыл шаруашылығы машиналарының дүбірлі қимылынан шаңғытып, бозаң түске боялған көрініс беріп тұрған. Осыған қарамастан, уәделі уақытында сау ете түскен Қали Байжанов атындағы облыстық концерт бірлестігінің белгілі өнер иелерін бастаған Сейтжаппар Алшынбекұлы ат басын үшінші бригадаға әкеліп тіреген болатын. Сөйтсек, ұжым бітік егіннің соңғы танабын шабуылдап, мерекелі орақтың облыс көлемінде маңдай алды атануының аз-ақ алдында екен. Қызығы, бригада жетекшісі Әшкен Тәжікенұлының бұл 50 жасқа толған мерейтойымен тұспа-тұс келіпті. Біз оны аңыз басында, жабдықтау автокөлігінің жанында бір топ бас және орта буын мамандары қоршауында кездестіріп, әңгімеге тартқан едік.

- Жер көлемі бойынша ұжым Николай Платынюк басқаратын 1 бригададан кейінгі орында, - дегенді шаң басқан жүзінен астарлы қуаныш лебі ескен бригадир. - Атап айтқанда, дәнді дақылдар 9350 гектарға орналасқан. Әрине, мұның негізгі бөлігі басты дақыл—бидайға арналған. Мына жанымда тұрған шаруашылықтың бас агрономы Василий Иванович Локис жақсы біледі, бітік егін өсіру оңай шаруа емес. Және ол тек ауа райына, табиғат тәңірдің қас-қабағына байланысты деудің де негізі жоқ. Жер ананың емірене емізу жолында дихан-механизаторлар маңдай терді бір емес, бірнеше сылып алады, мүдделі мақсатқа жыл он екі ай бел жазбай еңбек етеді. Сол себепті адам факторы қашанда табиғаттыкінен үстем түседі. Ал қажет болғанда, оған кәсіби шеберлігі мен өміршең ұтымды көп жылғы тәжірибе байлығын қарсы қояды.

- Міне, көріп тұрсыз, - деген сөзін сабақтаған Әшкен Тәжікенұлы, - ұжымның қимылы ширақ, мерейі мол, көңіл-күйі көтеріңкі. Енді қалай, маңдай термен өсірілген бітік егінді жауын-шашынға ысырапқа түсірмей алғашқы боп тәмәмдап қалдық. Орақ майталмандары: Виктор Клименко, Евгений Сураев, Сергей Горленко, Владимир Сидорович, Жақсылық Жақыпбеков, Мереке Исин, Василий Каленкович, Георгий Яушкин, Руслан Тұрлыбеков, Жарқын Шакенов тағы да басқалары маусымдық нормаларын артығымен орындап, ортақ жетістікке қомақты үлес қосқандар. Әлбетте, дәнекерлеуші Олег Исакин, бригада механигі Қабатай Құлбаев және бас тұлға Валентина Сметанина сияқты елгезек жандарды да ерекше атап өткен жөн. Әсіресе сала ардагері басқарушы-ұйымдастырушы ортадағы әйел заты - Валентина Васильевнаның сіңіріп жүрген орасан зор еңбегі бір төбе дер едім.

*АУЫЛ ТЫНЫСЫ*

Әшкен Тәжікенұлы өзі басқарып жүрген ұжым төңірегінде, жермен тығыз жұмыс атқарып, оның тынысымен тыныстап, тамырын ұстай білу жөнінде, егіншілікте, жалпы дала жұмысында технологиялық тәртіптің қатал сақталуы, ұйымдық-кадрлық істеген ерекшеліктер туралы ұзақ әңгімеледі. Ал, суыртпақтап бақканыммен, өзінің өмір жолы мен отбасы жөнінде тым сараңдық танытты. Әлбетте, оның жарты ғасырлық ғұмыры өзі тектес ұрпақтың ешқайсысыныкінен кем емес. Бәлкім, қазіргі жаңарған заман ағымында олардың қайсыбіреуінен артық сезініп, мақтан тұтар орны да бар шығар.

Иә, солай деуге де келеді. Себебі ол бұрнағы Ақмола, ал қазіргі Астана қаласында дүниеге келген. Алайда, бал балалығымен бүгінге дейінгі саналы өмірі астықты өңірдің көнекөз мекені - Көбетей ауылымен тікелей байланысты. Білім бұлағына, біріншіден оныншы класқа дейін, осы жерде сусындаған. Әрине, оған ден қойғызып дәріс берген, бойына шымырлата, бойлата сіңірген аяулы ұстаздары да осы елдің осы жердің абзал азаматтары еді. Осындай талмас тәрбие маңыздылығы болар, оның мектеп қабырғасынан соң да білім қуып, табандылықпен ізденуі. Ол әуелі Щучинскінің индустриалдық техникумын үздік тәмәмдап, Ақмоланың ауыл шаруашылық институтын сырттай оқып бітіреді. Осыдан барып еңбек жолы да оқығанын пайымдау-жетілдірумен ұштасады.

Иісмағамбетов көп жылдар Көбетейдің күн батысынан, қара Нұраның кемер қабағына төне орын тепкен, әуелде 105-ші, онан соң 43-і селолық кәсіптік училищеде ұстаздық еңбек етті. Осында ауыл-селоға ауадай қажет мамандар даярлайтын бірден-бір қара шаңырақ мехкадр ұстасында ол бастауыш комсомол ұйымының хатшысы дәрежесіне дейін көтерілді. Мұны, әрине, көзі көрген, сол ағымның куәгері болған аға ұрпақ жақсы түсінеді. Әлбетте, Әшкен Тәжікенұлының болашағы аспанды қорғасын бұлт торлаған белгісіз кезеңнің басында-ақ күрт өзгеріп сала берді. Өйткені өтпелі заман өкпесін қауып, училищені белгісіздік пердесі жапқан болатын. Сөйтіп, ол 1981 жылы Тассуат ауылына қоныс аударып, шеберхана меңгерушісі боп біраз қызмет істейді. Ал, осында көп жылдар бастауыш партия ұйымын басқарған білікті, тәжірибелі ұйымдастырушы Сембі Аясұлы Бердіқожынов зейнеткерлікке шыққанда, жергілікті коммунистердің қолдауымен абзал азаматтың орнын басқантын. Мұның аржағы айтпаса да түсінікті. Ол парторг болып небары үш жыл ғана істеуге мәжбүр болды. Содан, міне, сүйіп ұнатқан мамандығына қайтып оралып, жер анамен біржола қауышты. Мұнысы жұбайы Розаға тіптен ұнады. Себебі ол тұқым жөніндегі агроном болғандықтан егіншіліктен қол үзбей келді. Тіптен, тағдырдың мұндай бетбұрыс белесін балалары болып қызу қоштады. Ал олардың әрқайсысы ата-ана жолын қуып, білімге біріңғай бой ұрған ізденгіш жастар. Үлкені Мұрат Қарағандының заң институтында ұстаз, ҚарМУ-ды үздік бітірген Гүлназы Щербаков орта мектебінде мұғалім, ал кенжелері Медет Қарағандының экономикалық университетінде оқып жүр.

Иә, тарихи маңыздылығымен елімізді ғана емес, төрткүл дүниені дүр сілкіндіріп, жыл он екі ай өзіне қаратқан қамышының сабындай қысқа мерзімде ұлан-ғайыр жетістіктерге жеткізген айшықты он жылды толымды шашуымен, абыройлы асуымен шығарып салған XXI ғасырдың 2001 жылы, міне, саясат сахнасынан түсіп, өркениетті ел болу шеруі кезегін күшіне енді кіре бастаған жылқы жылына табыс етіп отыр. Ер қанаты атанған түліктің қазақи түсінікті, діни ұғымды ақтарына үмітіміз зор. Тап осындай сеніммен Жаңа жыл есігін ашқан қайнарлықтар да жаңа жігер, жаңа құлшыныспен алда тұрған міндеттерді жіті қолға алуда. Соның ішінде Иісмағамбетов басқарған ұжым да ілкімділігімен көзге түсуде. Әрине, бүгінгі таңдағы басты міндет ол, баршаға ортақ қыраулы қыс бабын тауып, оның ауылдастар өміріне, тұрмыс-тіршілігіне нұқсанын тигізбеуін қамтамасыз ету.

- Қыстың алғашқы күнінен бастап, - дейді шаруашылықтың бас инженері, аудандық Мәслихаттың депутаты Мұрат Омарұлы Бақмағамбетов, -жанды-жанды жауапты учаскелерге жылдағыдай іріктелген сенімді адамдар бекітілді. Бұл, негізінде, үш бригаданың үшеуін де қамтиды. Соңғы жылдарға дейін ең қиыны жол азабы боп келді. Өйткені қыс қарлы-боранды болды ғой. Биыл, қазақтың қасиетті жануары - жылқы жылы нендей мінез көрсетерін бір Алла біледі. Қалайда, жаман болмас деген дәлеліміз зор. Ал, қыс кәріне, оның астарлы мінезіне жасалған амал-шараларымыз кез келген уақытта төтеп бере алады деп сеніммен айта аламыз. Қазіргі таңда бар күшті ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеуден өткізіп, дайындық сапына қоюға танаптарға қар тоқтатып, болашақ ылғал молшылығын жасауға, мал қыстатуға қызу ат салысып, мектеп өміріне, олардың мәселелерін шешуге, жалпы тұрғындардың әлеуметтік жағдайының бүгінгі жеткілікті деңгейін төмендетпеуге жұмылдыруда. Сайып келгенде, еңбек ұжымдарына бұл үйреншікті іс, ертеңін бүгін ойлайтын маңызды кезең.

Мінекей, осындай жанды-жанды өміршең істердің қызу ортасында Иісмағамбетов жетекшілік ететін бригада ұжымы да жүр. Сөз жоқ, ертеңін бүгін ойлағанның ұтысы көп. Ал, Жаңа 2002 жыл шеруі, тасқынды табыс эстафетасы енді ғана екпін алып, алып қадамын аршындай бастады...

**Боташ БЕКМАҒАМБЕТОВ,**
**"Қайнар" ЖШС.**

ЭХО СОБЫТИЯ

# Праздничный концерт

**Пусть песни несутся от края до края.**
**У нас для веселья немало причин.**
**Казахской республики семья трудовая**
**Сегодня справляет день именин.**

**В связи с большим праздником 10-летием Независимости Республики Казахстан во всех коллективах прошли торжественные мероприятия. И, подавая пример другим, наша районная детская музыкальная школа тоже подготовила праздничный концерт, организаторами которого стали преподаватели отделения казахских народных инструментов Б.М. Жумадилова и Г.К. Жумабекова.**

Концерт удался на славу, что было отмечено и родителями, и представителями из райоо, которые были приглашены на это мероприятие. Поэтому многие музыкальные номера были взяты на конкурс патриотической песни, который проводился на следующий день в зале районного Дома культуры.

Концерт торжественно открыл оркестр казахских народных инструментов, в исполнении которого прозвучал казахский народный кюй «Арынгазы». Затем в сопровождении оркестра выступила ученица 3 класса народного отделения по классу домбры Меруерт Сулейменова с песней «Ак тайлак» («Белый верблюжонок»). Мне, как матери, хочется отметить, что моя дочь Меруерт впервые выступала как солистка оркестра перед большой публикой. И судя по реакции зрителей, по их аплодисментам, дебют удался! Она смогла своим исполнением донести до зрителя и характер, и настроение песни. И в этом большая заслуга опытного преподавателя, руководителя оркестра Ботакоз Мухтаровны Жумадиловой.

В исполнении Маншук Мухамеджановой, Тамары Барановой и Саши Прониной прозвучали стихи о Родине.

Русскую народную песню «Полюшко» исполнила ученица 2 класса по классу фортепиано Акмеит Ныгметова, а Артем Андреев на баяне исполнил другую русскую народную песню «Землюшка-черноземушко».

Братьев Рауана и Бейбита Усембековых — выпускников школы этого учебного года, замечательно исполнивших на домбре и баяне песню «Аккурай», сменило не менее удачное выступление Дахара Мухамеджанова, исполнившего «Би» Тастанова.

В композиции "Абай", в которой в роли Абая выступил также Дахар Мухамеджанов, перед нами возник образ великого казахского поэта, просветителя, мыслителя и музыканта. В этой композиции выступил и ученик 4 класса Жантасов Темирлан, прекрасно сыгравший роль переводчика в другой интересной сценке «Представители разных стран».

В этой сценке мы встретились с высокими гостями нашего праздника: В.Путиным — Президентом России (Андреев Артем), американцем Джеймсом Ньютоном (Рахимжанов Бекзат), госпожой Ратхи из Индии (Кутбаева Бахытгуль), принцем Альшахидом ибн Саид из Саудовской Аравии (Каппасов Олжас), вождем племени «Тумбо-юмумбо» Соколом-Острый глаз (Ахметова Салтанат) , его воинами Джоном (Абекеев Жандос) и Чунком (Акибаев Берик), которые говорили на английском и арабском языках, радовались вместе с нами, плясали и пели.

Песня о Родине Шамши Калдаякова «Менің Қазақстаным» прозвучала в исполнении Айнур Ибрайбековой, Жанель Калменовой, Айгерим Бергеновой, Перизат Хамзиной.

Интересную сценку на историческую тему «Үш арыстың үлгілері» разыграли для зрителей Берик Акибаев (Төле би), Талгат Шолтаев (Қазыбек би) и Дастан Каржасов (Айтеке би).

В программу концерта также вошли песня на слова Н.Назарбаева «Елім менің» в исполнении трио в составе Д.Мухамеджанова, Р. Усенбекова и С. Ахметовой, «Киевский вальс» в исполнении Ербола Тущанова, чешская народная песня «Аннушка» в исполнении Саши Прониной, "Цыганская серенада", которую исполнил Рауан Рахимжанов, русская народная песня «Светит месяц» в исполнении Бекзата Рахимжанова , песня «Отаным Казакстаным» в исполнении Назгуль Шолтаевой и Акмарал Димбаевой и другие. По истории казахской культуры была проведена викторина со зрителями.

В концерте принимали участие и преподаватели школы: С.В.Чемерисова, И.П.Назаркин, Б.М.Жумадилова, Г.К. Жумабекова. Поздравила присутствующих с праздником и подарила песню «Одинокая гармонь» и директор ДМШ Л.Б.Балтабаева, которой аккомпанировала на синтезаторе ученица 5 класса Майя Куанышбекова. Надо сказать, что синтезатор - музыкальный компьютер был приобретен ДМШ в этом году , теперь учащиеся с 3 класса могут при желании учиться играть на нем также, как и на других инструментах. В планах школы приобретение новых инструментов для отделения казахских народных инструментов. В этом году в школе был сделан и хороший ремонт: появились стеновые панели, обои в классах, линолеум.

Внесли свою лепту в успешное проведение концерта и родители, которые помогли детям приготовить костюмы. Среди них Кадырбай Рахимжанов, Ахметова Торгын, Кутбаева Несип и др.

После концерта от имени родителей выступили пенсионер, ветеран труда Елюбаев Куанышбек, Жантасова Айнагуль, Усембекова Салтанат, Бейсембекова Назгуль, которые поблагодарили участников праздничного концерта, поздравили всех присутствующих с праздником.

**Ж. СУЛЕЙМЕНОВА,**
**родительница.**

# Празднование Дня Независимости в отдельно взятом селе

Известно, что 16 декабря 2001 г. праздник 10-летия Независимости Республики Казахстан прошел во всех населенных пунктах нашего района на высоком патриотическом и культурно-массовом уровне. Я расскажу о проведении этой знаменательной даты в селе Ахметаул (бывший Энтузиаст).

Вся подготовительная работа к этому дню в селе Ахметаул проводилась с наведения порядка на улицах, возле общественных зданий и домов. Накануне праздника село было украшено плакатами и лозунгами, флагами и флажками. Как правило, в актовом зале средней школы имени Сакена Сейфуллина состоялось торжественное собрание, после которого были вручены грамоты акима района лучшим из лучших. А затем состоялся концерт художественной самодеятельности, поставленный силами учащихся и учителей школы, а также старожилов села Ахметаул. Большая заслуга в подготовке концерта, в исполнении национальных песен, танцев разных народов принадлежит ведущим концерта — учителям Ф.А. Жумабаевой и К.З. Тукеевой . И, конечно, а это неоспоримо, что музыкальные и творческие способности Д.Ж. Скандарова — трудно переоценить, ибо музыкальное сопровождение было проведено на профессиональном уровне.

Прекрасно звучал домбровый оркестр под руководством известного педагога Амангельды Жамкеева. Особую оценку получили песни в исполнении Бостамбаева Саяна. Трудно переоценить мастерство учеников 4-го казахского класса Жандарбекова Ербола и Рахимбековой Сагыныш, которые исполнили турецкий танец.

Затем снова песни Б.К. Кажикулова. Следом искрометный танец джигитов в исполнении учащихся 9-го русского класса. Лирично и проникновенно прозвучала песня «Арыс жагасында» в исполнении Шалабаевой Тулеутай и Каримовой Дюсенкуль.

И снова на сцене танцы. Учащиеся 8 казахского класса исполнили вальс, а ученики 7 русского класса — танец народов Казахстана. Аплодисментами было встречено выступление группы старшеклассников, которые профессионально исполнили современный танец.

Затем выступили взрослые. Песню «Жарым» исполнил электрик С.Мукушев, несколько песен прозвучало в исполнении ветеранов труда И.М. Косоноговой, Е.С. Мусиной и М.Р. Сериковой.

Бурными аплодисментами проводили зрители заключительное хоровое выступление участников концерта. Добрые воспоминания остались у многих из нас после просмотра прекрасно подготовленного выступления художественной самодеятельности. В этом концерте, пронизанном интернациональной спайкой людей разных поколений, и есть вся его значимость и сущность.

В предпраздничные дни в селе Ахметаул была проведена и благотворительная помощь малоимущим и престарелым. Так ТОО «Бирлик» оказал помощь 6 семьям, выделив для них уголь, зерноотходы, лук на сумму 8 тысяч тенге. ТОО «Ырыс» оказал материальную помощь 10-ти семьям, выделив каждой по мешку муки, всего на 16 тысяч тенге, организовал благотворительный обед на сумму 30500 тенге и купил телевизор одинокой женщине на сумму 8 тысяч тенге. ТОО «Жигер» оказал помощь 10 семьям, выделив каждой по 2 тысячи, итого на сумму 20 тысяч тенге, дополнительно выделил 3 тысячи тенге 80-летней старушке. Всего по Ахметаульскому округу в праздничные и предпраздничные дни была оказана благотворительная помощь на сумму 85500 тенге, а все мероприятия по селу прошли на высоком творческом уровне.

Следует отметить высокую активность в подготовке и проведении праздника учительского коллектива средней школы имени Сакена Сейфуллина. И, конечно, особая заслуга в проведении и организации всех праздничных мероприятий принадлежит акиму села Каримову Е.К. Из разговора по телефону я узнал, что ТОО «Бирлик» (руководитель К.К.Калиев) закупил и раздал подарки всем детям работников своего коллектива. Стоимость — не менее 400 тенге каждый. Вот так и живут в селе Ахметаул. Они умеют трудиться, умеют отдыхать!

**П. НАЗАРКИН,**
**директор Госархива Нуринского района.**

МЕКТЕП ӨМІРІ

# Оқыту үрдістерін ұйымдастыру түрлері

Білім беру жүйесі жаңа өзгерістер кезеңі— болашақ қоғам адамның жеке дара танымдық және сыртқы келбетін қалыптастыратын оқыту мен тәлім-тәрбие беру ісін жаңа бағытта жүргізетін кезеңінде тұр. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдыретті күш тек білімде. Жас мемлекетіміздің болашағы бүгінгі мектеп оқушылары.

Қазіргі уақытта пән мұғалімдерінің алдында тұрған жауапты міндет - оқушылардың білім дәрежелерін барынша жетілдіру, яғни оларды еңбек етуде шығармашылық ынта-ықыласын қалыптастыру, теориялық білімді практикада іске асыра білуге бағыттау. Оқушылардың білімінің төмендігі олардың қабілетінің жоқтығынан емес өз беттерімен жүйелі түрде білім алуға дағдыланбаудан, жүйелі еңбектің жоқтығынан. Осы оқытудың табысты болуы оқу әдістемелік топтамалардың (оқулық, анықтама, әдебиеттер, есептер жинағы, мұғалімге арналған ғылыми әдістемелік көмекші құралдар) жеткілікті болуымен ғана емес, ең алдымен мұғалімнің сабақ беру шеберлігіне, педагогика ғылымының жаңа табыстарын іс жүзінде қолдана білуіне, оқушыларды өздігінен білім алуға үйретуге байланысты. Мұғалім - сабақтың авторы. Сабақ - мұғалімнің творчестволық, яғни шығармашылық ізденісінің туындысы. Сондықтан мұғалім үнемі сабақтың берілу жүйесін жетілдіріп, мектептегі оқу тәрбиелік жұмыстардың түрлерін көбейтіп, сапалы оң өзгерістер әкелуге өзінің бар қабілетін, еңбегін жұмсағаны абзал.

Сабақ оқыту үрдісінің ұйымдастырудың негізгі формасы, түрі болғандықтан, әрбір мұғалім, оның құрылымына ерекше мән беріп, тиімді нәтижеге жетуге тырысады. Мұғалім берілетін сабақты жоспарлағанда біріншіден сабақта қабылданатын есте сақтайтын негізгі мәселелерді анықтап, оларды меңгерту үшін пайдаланатын тиімді әдістерді таңдап алуға ұмытылады. Екіншіден қажетті педагогикалық нәтижеге жету үшін оларға нені білу керек, нені есте сақтауы керек, нені түсініп білуі тиіс, нені үйренуі керек соны хабарлап ең қажетті білімге бағдарлама береді. Сабақтың құрылымын ойластырғанда оның барлық бөлімдері арасында сабақтастық пен оған бөлінетін уақыттың сәйкестігін ескерген пайдалы. Сондықтан орындалатын жұмыстарға уақытты тиімді бөлу - педагогикалық еңбектің ең негізгі элементі.

Қазір білім беруді жақсарту, материалды терең меңгерту мақсатында баяндау,лекция, семинар, конференция, саяхат, пікір таласу, рольдік ойындар, сайыс сабақтар және басқада оқытудың белсенді түрлері кеңінен қолдануда. Сондай-ақ көптеген жаңашыл ұстаздар В.Ф. Шаталов, Ш.Л. Амонашвили, С.Н. Лысенкова, Е.Н. Ильин іс тәжірибелерін пайдалануда. Осы жаңашыл ұстаздардың идеялары, еңбектері әр түрлі баспа беттерінде жарық көрді. Олар ынтымақтастық педагогикасының идеялары мен принциптерін тірек сигналдар, іріленген блоктар, алға ұмтыла оқу, өзін-өзі талдау оқушылармен тікелей қарым-қатынас жасау және тағы басқаларды нақты көрсетіп берді. Мұндай мақсаттар мен талаптарды күллі ұстаздар алдына да қоюға болады. Жаңашыл ұстаз методикасының негізгі элементтерінің бірі тірек белгілер, конспектілер. Бұл - игерілуге тиіс білімнің мазмұны кодталған схема. Көрнекілікке негізделген тірек белгілер мен конспектілер жаңа сабақты түсінуді және оны есте сақтауға жеңіл болатынын Захар мектебінің тәжірибелі ұстазы, химия пәнінің мұғалімі Рахымова Қарлығаш Кәкібайқызы толық зерттеді.

Ол: - Тірек конспектілерді қолдану - теориялық білімнің кең көлемін игеруді,жаңа тақырыптық жекелеген бөлшектерін бірдей қамтуды жеңілдетеді, олардың арасында байланыс орнатуға, салыстыруға, материалды логикалық өңдеуге және ұзақ есте сақтауға көмектеседі, білім игеру сапасын күнде тексеруді бағалау мен өзін-өзі бағалауды қамтамасыз етеді. Тірек белгілер мен конспектілер - оқыту үрдісінің тұрақты және қажетті компоненті. Тірек белгілері бар беттерді - тірек конспектілерді дайындау үшін алдын-ала үлкен дайындық жұмысы жүргізіледі. Алдымен оқу материалын, мазмұнын кітаптан жан-жақты оқып шығу қажет, содан



соң оның ішінен негіздерін бөліп алу керек. Іріктеліп алынған материалдан негізгі ұғымдармен қосымшыларын бөлектеп айырып, олардың арасындағы байланыстарын көрсетіп құрылымын ойластырамын. Мен химия пәнін оқытуда қорытынды, қайталау сабақтарында тірек белгілерді құрып, тірек конспектілер жасап оны кеңінен қолданамын. Осы конспектілер арқылы мен оқушының ойлау қабілетін активтендіріп дамытып, өткен материалдарды есте сақтауына жағдай туғызамын. Тірек белгілерді, конспектілерді химия сабағына дайындағанда мынадай кезеңдерді еске аламын: а) Оқу бағдарламасына сәйкес өтілетін тақырыпқа толық жан жақты талдау жасап, ондағы негізгі түсініктермен ұғымдарды іріктеп ақпараттық бөлік әзірлеймін. б) Әр бөліктің негізгі ұғымдарды символдар, суреттер немесе әріптер арқылы белгілеп тармақтап көрсетемін. Мұнда берілген шартты белгілер (суреттер, символдар) қарапайым әрі түсінікті болуына, әрбір түсінік пен ұғым арасында байланыс пен тәуелдік анық көрінуіне назар аударамын. в) Қорытынды сабақта пайдаланғанда әр бөлікке енгізілген түсініктерді жинақтау және бөліктің геометриялық пішінін таңдап аламын. Мысалы, қышқылдар тақырыбы бойынша бөліктерді былай дайындадым. 1-бөлік. Қышқылдардың жіктелуі мен алынуы, химиялық қасиеттерін ашып көрсететін тірек белгі. Осы тірек белгіде қышқылдардың құрамында ортақ белгісі, анықтамасы және жіктелу белгілері яғни құрамы, негізділігі бойынша т.б. есте сақталады. 2-бөлік бойынша қышқылдардың қасиеттері туралы білімді бір жүйеге түсіргенде бәріне ортақ және жеке топтарға тән қасиеттеріне көңіл аударылады. Қышқылдардың ортақ қасиеті бейтараптану реакциясы, ол құрамындағы сутегі атомдарының болуына байланысты. Күшті және қыздыруға тұрақты қышқылдар металдардың ерімейтін оксидтерімен әрекеттеседі. Активтік қатарда сутегіне дейін орналасқан металдар еритін қышқылдармен реакцияға түседі. Қышқылдардың индикаторларға әсері сәйкес түстерге бояләды. Осы тірек конспектілерді бекіту, қорытындылау, қайталау сабағында кеңінен қолданамын. Осындай тірек конспектілер, яғни В.Ф. Шаталов жүйелерінің кейбір элементтерін негіздер, оксидтер, тұздар тарауларында пайдаланып қоймай, жеке элементтер, олардың физикалық, химиялық қасиеттері, қолданылуы, алынуы туралы білімді жүйелеу, нақтылауға арналған сабақтарда қолдану өте тиімді, әрі ұтымды. Сабақтарда осындай тірек белгілер конспектілер қолданғанда, оқушылар өздері сұранып тірек белгілер жасайды. Олар шығармашылық тірек белгілер құрастырып "ашық ойлар" сабақтарында көрсетіп пікір таласып алысты. Бұл оқушылардың ойлау қабілетін жан-жақты дамытуға, әсерін тигізеді. Шаталовтың жүйесін барлық мұғалім қолдануына бола ма деген сұрақ тууы мүмкін. Бұл сұраққа әр ұстаздың өзі жауап бергені жөн, себебі сабақ беру нәтижесі көпшілік жағдайда сол ұстаздың жеке бас ерекшелігіне сәйкес келу-келмеуіне, оның темпераментіне, ұйымдастыру қабілеті мен жұмыс стиліне тікелей байланысты. Осы жоғарыда айтылған тірек конспектілер көрнекі сызба-нұсқа ретінде емес өзіндік және тексеру жұмыстары; әр түрлі деңгейде тапсырмалар дайындау үшін қолданамын. Осындай оқыту үрдістерінің түрлерін ұйымдастырып, оқушылардың белсенділік қызығушылығын арттыруға, өздігінен жүйелі еңбек етуге, ойлау қабілеттерін дамытуға, шығармашылық жұмыс жасауға бағыттайды. Осы негізде жаңа технология талаптары бойынша жұмыс жасауға мүмкіндік беретін ҚР-ның кейбір мектептерінде тәжірибе жүзінде жүргізіліп жатқан академик В.М. Монаховтың, профессор Ж. Қараевтың жаңа технологиясын іс тәжірибеме биыл енгізіп, кейбір тірек конспектілерге деңгейлік тапсырмалар жасадым. Мысалы: "Қышқылдар" тарауының тірек конспектісіне "А", "В", "С" тапсырмалары үш деңгейде құрастырылды. Оқытудың негізгі мақсаты оқушылардың барлығына бірдей әр деңгейде тапсырма беру. Оқушылық (төменгі) деңгейді міндетті түрде барлық оқушылар орындауы тиіс. Басқа деңгейдегі тапсырмаларды 1-деңгейден бастап сатылап орындайды. Осы арқылы әрбір оқушының дара орындауына мүмкіндік туады. Үш деңгейде жазылған тапсырмаларды орындау оқушыларды өте қызықтырады, үлгерім сапасы жақсара түседі, - дейді өз тәжірибесін көп игілігіне жаратуды жөн көрген әрі насихаттауға тұрарлық істің иесі Рақымова Қарлығаш Кәкібайқызы. Ол С.О. Талжанов атындағы орта мектебінің химия пәнінің мұғалімі ретінде қызметі арқылы көпке танылды. Бұрында күллі болмысын тек үйретуге, білуге, бірегей нәтижеге жетуге арнап келгенді. Аудан мектептерінде соның ішінде ауыл балаларының санасына химия әлемінің құдіретін игертуге жеке басының емес осы саладағы игі тәжірибелерді, ғұламалар еңбегін, әріптестерінің қылт еткен жаңалығын айна-қатесіз қабылдап зерттеуге, әуелі өз басын сусындатуға арнаған Қарлығаш Кәкібайқызы сынды білімнің даралбоздарын қасқабағына қарап аялап құрметтеу, қолдау басты парызымыз болмақ.

**Шәмей**
**БІЛГІШБАЙҚЫЗЫ.**

Суретте: Өз мамандығының шебері "Шойын және Болат" тарауынан сабақ үйретуде.

# В семье единой

*Добрый вечер тебе,*
*пан-хозяин,*
*радуйся, ой радуйся земля,*
*год новый родился!*

**Колядка.**




Украинский культурный центр в селе Заречное существует три года. Он возник на базе проводившихся в Заречной средней школе смотров национальных культур людей разных национальностей, проживающих на территории села: казахов, немцев, русских, украинцев, белорусов и др. Решающую роль в его возникновении сыграло, наверное, и то, что в селе живет много украинцев. Вот в школе и пришли к мнению, что нужно собирать в одном месте все, что касается украинской культуры, чтобы потом на основе этого можно было бы проводить какие-то мероприятия, классные часы, рассказывать детям об обычаях, быте, культуре этого самобытного народа.

С помощью ТОО «Киевский и К» собрали из ДСП украинскую хату в том виде, что она собой когда-то представляла: с печью, столами, деревянными лавками, иконами, вышитыми подушками, рушниками, казанками, ухватами, деревянными ложками, другой утварью и посудой. Обобщили материалы по обрядам, украинской национальной кухне. Здесь умеют коптить сало, мясо, делать домашнюю колбасу, пампушки с чесноком, окорочка в тесте, компот (по-украински узвар), варить украинский борщ, кутью из пшеницы, испечь паляницу или вертуту с маком, знают рецепты приготовления горилки.

Наряду с традиционными для нашей страны праздниками здесь отмечают и старинные украинские праздники: Рождество — 7 января, когда в Ничь перэд Риздвом поют колядки — песни, прославляющие рождение Бога и нового года, Васильев день — старый Новый год —13 января, когда посевают — желают хозяевам добра, хорошего урожая, благополучия, Крещение (Водохресте) — 19 января, на которое щедруют, а вся вода на Земле в 12 часов ночи становится освященной, целебной, встречу Весны, когда исполняются обрядовые песни и танцы для того, чтобы родила земля, был хорошим урожай.



В прошлом году на Васильев день 11-классники ездили к учителям домой на лошадях, запряженных в сани, посевать, что является частью рождественского обряда. Заодно развозили профсоюзные подарки. Возили с собой и гармониста. Дети знают много песен и стихов на украинском языке, разучивают колядки, щедривки.

А летом, 7 июля, на праздник Ивана Купалы, в лагере труда и отдыха для детей из малоимущих семей показывали обряд этого старинного праздника. Это единственный день в году, когда цветет папоротник, а влюбленные могут увидеть его цвет и обрести свое счастье. И в этот же день собирается вместе вся нечистая сила для того, чтобы помешать им. Поэтому разжигается костер и жгут чучело ведьмы. Тогда ночь становится ясной, и уже ничего не мешает влюбленным стать счастливыми. В этот праздник девушки гадают, бросая венки в реку: в какую сторону поплывет, оттуда и суженый будет.

В планах на будущее — показать свадебный обряд, как плетут венки, как расчесывают косу невесте. Еще мечтают приобрести настоящие, а не самодельные, украинские костюмы, которых пока нет, потому что они очень дорогие.





В школе выпускается ежемесячная стенная газета на украинском языке «Мальовнича Украина» («Цветущая Украина»).

Руководит национальным культурным центром учитель географии Заречной средней школы Татьяна Анатольевна Гаевская, родом из Украины, и поэтому знающая украинскую культуру не понаслышке. По словам завуча школы Нины Петровны Коноплевой, Татьяна Анатольевна очень интересный, энергичный, одаренный человек, талантливый педагог, хорошо поет, танцует, имеет хорошие оформительские навыки. Она закончила два учебных заведения, имеет библиотечное и педагогическое образование, быстро схватывает все новинки, которые потом успешно применяет в своей работе.

Татьяна Анатольевна в прошлом учебном году была завучем-организатором в школе. По ее инициативе на втором этаже был оформлен стенд - аллея боевой и трудовой Славы села, который постоянно обновляется.

На протяжении последних 6 лет учащиеся школы под руководством Татьяны Анатольевны каждое лето ездят отдыхать в Боровое, привозя оттуда массу впечатлений и заряд бодрости на весь следующий учебный год.

Во многом Татьяне Анатольевне в ее заботах о национальном культурном центре помогают ее коллеги по работе, односельчане: Александра Селиончик, Галина Филипповна Максимчик, Оксана Ивановна Трегуб, Любовь Кирнева, семьи Мелинчук, Кирш и другие. Во всех мероприятиях участвует и Наталья Николаевна Андел. Второй год подряд они с Татьяной Анатольевной представляли украинский культурный центр на «Ауыл береке», где ему была дана высокая оценка. Сама Татьяна Анатольевна говорит, что все делается сообща, и без помощи всех этих людей ничего бы не было. Сейчас все, что имеет национальный центр, хранится в сельском клубе, о котором (и о достоянии центра тоже) заботится его заведующая Любовь Ивановна Воронцова.

А во всех финансовых и хозяйственных вопросах национальному центру охотно помогает директор ТОО «Киевский и К» Николай Петрович Першин, за что в школе ему очень благодарны.

Вся эта работа делается бескорыстно и в конечном счете способствует укреплению дружбы, межэтнического согласия. И, конечно, не случайно, что национальный культурный центр — детище школы, которая сама является центром воспитательной работы на селе. Ну и, разумеется, немаловажен и человеческий фактор в лице руководителя культурного центра Т.А.Гаевской, коллектива Заречной школы, где работает много интересных, талантливых людей, руководителя градообразующего хозяйствующего субъекта Н.П.Першина и жителей села Заречное в целом, которые живут единой, дружной семьей.

**Л. ГОРДИЕНКО.**

***На снимках: танцуют и поют учителя Заречной средней школы; у стенда боевой и трудовой Славы; на празднике Ивана Купалы.***

---

**Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімінің аппараты әкімшілік мемлекеттік лауазымдарының бос орындарына орналасуға ашық конкурс жариялайды:**

**1. Аудандық ауылшаруашылық департаментінің бастығы - 1 орын (Е-3).**

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру аудандық "Нұра" газетінде жарияланған сәттен бастап 15 күннің ішінде мына мекен-жай бойынша тапсырылуы тиіс: 472410, Қарағанды облысы Нұра ауданы Киевка кенті Кеңес көшесі, 50. Анықтама телефоны: 22543, факс: 22880.

**Нұра ауданы әкімінің аппараты.**

---

**Қарағанды облысы, Нұра ауданы әкімінің аппараты әкімшілік мемлекеттік лауазымдарының бос орындарына орналасуға ашық конкурс жариялайды:**

**1. Аудандық ауылшаруашылық департаментінің бастығы - 1 бірлік (Е-3).**

Лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарға байланысты 13004 теңгеден 17558 теңгеге дейін.

**Функционалдық міндеттері:**

- Ауыл шаруашылық өндірісінде нарықтық қатынастарды әрі қарай дамытуды жүзеге асырады.
- Ауыл шаруашылығы департаменті жұмысына жетекшілік жасайды.
- Шаруа қожалығы, кішігірім ауыл шаруашылық құрылымдарының, фермерлік шаруашылықтардың жұмыстарын ұйымдастырумен шұғылданады.
- Аймақтағы ауыл шаруашылығының дамуын жоспарлауды және болжауды ұйымдастыру.
- Ауыл шаруашылық құрылымдарының, дайындау ұйымдарының, тұқым шаруашылығының, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

**Үміткерлерге қойлатын талаптар:**

- жоғары кәсіптік білім. Мемлекеттік қызметте бір жылдан кем емес өтілі немесе аталмыш санаттың нақты лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс тәжірибиесі болғанда немесе мемлекеттік тапсырыс бойынша мемлекеттік қызметкерлерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша оқу.
- Қазақстан Республикасы Конституциясын, Азаматтық Кодексін (Жалпы бөлім), "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Стратегиялық дамуын" білу.

Аталған санаттың мемлекеттік лауазымдарын мамандандыруға сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін ҚР заңдылық құқықтық нормативті актілерін білу.

Аталмыш санаттың лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді атқару үшін қажетті өзге де міндетті білімдерді білу керек.

Конкурс республикалық ақпарат құралдарында (22.06.01 ж. "Егемен Қазақстан", 23.06.01 ж. "Казахстанская правда" газеттерінде) жарияланған әкімшілік мемлекеттік қызметтің бос орнына конкурс өткізу ережелері қағидасына сәйкес өткізіледі.

Сынаққа жіберілген үміткерлерді тестіден өткізу құжаттарды қабылдау мерзімі біткен соң 3 күннің ішінде белгіленген тәртіп бойынша Астана қаласындағы ҚР мемлекеттік істері жөніндегі Агенттіктің аймақтық тестілеу орталығында (Бейбітшілік даңғылы, 2) өтеді.

Бос лауазымдық қызметке үміткерлерді тестіден өткізу бағдарламасына Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңын білуге арналған тестілерді қамтиды.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер аталмыш конкурс бойынша Нұра ауданы аппаратында 3 жұмыс күнінің ішінде өтеді.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымдарында 472410 Нұра ауданы Киевка кенті Кеңес көшесі, 50 үйге, "Нұра" газетінде жарияланғаннан кейін күнтізбелік 15 күнінің ішінде тапсырылуы тиіс. Анықтама телефондары: 21632, 22543, факс 22880.

Конкурсқа қатысудың шығынын (конкурс өтетін жерге келу және тұру) азаматтардың қаржыларымен қамтиды.

**Нұра ауданы әкімінің аппараты.**

---

**Аппарат акима Нуринского района Карагандинской области объявляет открытый конкурс на занятие вакантной административной государственной должности**

**1.Начальника районного департамента сельского хозяйства - 1 ед. (Е-3)**

Необходимые для участия в конкурсе документы .должны быть представлены **в течение 15 календарных дней** с момента публикации объявления о проведении конкурса в районной газете "Нура" **по адресу: Карагандинская область, Нуринский район, поселок Киевка, ул.Советская, 50. Телефон для справок: 21632, 22543, факс: 22880.**

**Аппарат акима Нуринского района.**

---

**Аппарат акима Нуринского района Карагандинской области объявляет открытый конкурс на занятие вакантной административной государственной должности**

**1. Начальник районного департамента сельского хозяйства - 1 ед. (Е-3).**

Должностной оклад в зависимости от выслуги лет от 13004 тенге до 17558 тенге.

**Функциональные обязанности:**

— осуществление дальнейшего внедрения рыночных отношений в сельскохозяйственном производстве, развития сельскохозяйственных формирований;
— осуществление руководства работой департамента сельского хозяйства;
— занимается вопросами организации крестьянских, фермерских хозяйств и малых сельхозформирований;
— организация планирования и прогнозирование развития сельского хозяйства в регионе;
— координация деятельности работ сельхозформирований по вопросам производства сельхозпродукции, заготовительных организаций семеноводства.

**Требование к участникам конкурса:**

Образование — высшее профессиональное. Не менее одного года стажа в органах государственной службы или не менее двух лет опыта работы в областях, соответствующих функциональным направлениям конкретной должности данной категории, или обучение по государственным программам подготовки и переподготовки государственных служащих на основании государственного заказа.

Знание Конституции Республики Казахстан, Гражданского Кодекса РК (Общая часть), "Стратегия развития Казахстана до 2030 года", Законов Республики Казахстан "О государственной службе", "О борьбе с коррупцией", законодательных нормативно-правовых актов Республики Казахстан, регулирующих отношения в областях, соответствующих специализации государственных должностей данной категории.

Другие обязательные знания, необходимые для исполнения функциональных обязанностей по должностям данной категории.

Конкурс проводится на основе Правил проведения конкурса на занятие вакантной административной государственной должности, опубликованных в республиканских средствах массовой информации (в газетах "Егемен Казахстан" от 22.06.01г. "Казахстанская правда" от 23.06.01 г.).

Кандидаты, допущенные к участию в тестировании, проходят его в установленном порядке в региональном центре тестирования управления Агентства РК по делам госслужбы в г.Астане (Бейбитшилик, 2) в течение трех рабочих дней после окончания срока приема документов.

Программа тестирования для кандидатов на занятие вакантных должностей включает в себя тесты на знание Конституции Республики Казахстан, Закона Республики Казахстан от 2 июля 1998 г. "О борьбе с коррупцией", Закона Республики Казахстан от 23 июля 1999г. "О государственной службе".

Кандидаты, допущенные к собеседованию, проходят его в аппарате акима Нуринского района в течение трех рабочих дней после проведения тестирования по данному конкурсу.

Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть представлены **в течение 15 календарных** дней с момента публикации объявления о проведении конкурса в районной газете "Нура" **по адресу: Карагандинская область, Нуринский район, поселок Киевка, ул. Советская, 50. Телефон для справок: 21632,22543. факс: 22880,**

Расходы по участию в конкурсе (проезд к месту проведения конкурса и обратно, проживание и др.) граждане производят, за счет собственных средств.

**Аппарат акима Нуринского района.**

---

# Теңіздіктер дән риза

## 2000000 теңгенің тегін көмегі жеткізілді

"Нар жолында жүк қалмайды" деп халқымыз тегін айтпаған. Қиыр шеттегі Теңіз регионында биыл айтарлықтай қиыншылықтар туудa. Көре отырып қарап жатпай нұралық іргелі шаруашылық басшылары әріптестеріне үлкен қайырымдылық көрсетті. Әуелі Пржевал жауапкершілігі шектеулі серіктестік төрағасы Балтабаев Ықсан Тәттібайұлының шешімімен Баршынға 5 тонна ұн, 15 тонна арпа-жем жеткізілуі үлкен бастамаға айналды. Ауыл әкімі Білəлов Балдырған Сәкенұлының өзі бастап алып барған бұл көмегінде 40 қап ұн, жем-арпа кілең тұрмысы жеткіліксіз отбасыларына және ҰОС ардагерлеріне, мүгедектерге тегін берілуі риясыз көңілден жасалынған көмектің етек алуына себепші болды. Нұра ауданының басқа да үлкен шаруашылықтары бұл бастаманы қолдап, іле-шала олар да аттаныс жасады. "Киевский" ЖШС төрағасы Першин Н.П. Шұбаркөлдіктерге 100 қап ұн; "Шахтерлік" ЖШС төрағасы Прокоп Г.Г. 100 қап ұн, 16 тонна араласпа жемді Қаракойын ауылына; "Қайнар" ЖШС төрағасы Нығметов С.А. 100 қап ұн, 8 тонна қоспажемді Сарыөзендіктерге, "Пржевал" ЖШС төрағасы Балтабаев Ы.Т. екінші ретте Аршалы тұрғындарына 168 қап ұнмен көмектесті. Урожайный жауапкершілігі шектеулі акционерлік серіктестігінің президенті Есжанов Н.З. Талдысайлықтарға 100 қап ұн жеткізді. "Индустриальный" шаруашылық кооперативінің төрағасы Дильман Н.Ф. 100 қап ұн, 16 тонна араласпа жем; "Жараспай" акционерлік қоғамының төрағасы Қоңырбаев С.О. 100 қап ұн, 16 тонна жем; Энтузиастық "Жігер" ЖШС төрағасы А.Н. Ким 16 тонна арпа-жем; Құланөтпес шаруашылығының төрағасы Сыздықов Д.С. 150 қап ұн, 16 тонна жем, 5 тонна жанар-жағар май берді.

Теңіз өңіріне астықты Нұрадан осылайша барлығы 1 миллион 921 мың теңгенің тегін көмегінің жеткізілуі мұндағы халықтың зор алғысына бөленді. Олар ыстық ықылас білдіріп, рахмет айтты.

Алда табыстарыңыз тасқындап, жаңа жылда жомарттыққа жол болып, ырыстарыңыз тасысын!

Қазандарыңыз ортаймай толайым табысқа жеткейсіздер, нұралық азаматтар!

**Шәмей БІЛГІШБАЙҚЫЗЫ.**